



Көктем келіп, табиғат  
жанданар шақта  
Қызылордадағы құрылыстар  
да қарқын алды. Облыс әкімі  
Нұрлыбек Нәлібаев көктемнің  
алғашқы күні – Алғыс айту  
күнінде Қызылорда қаласында  
салынып жатқан нысандарды  
аралап, облыс орталығында  
басталғалы тұрған құрылыс  
жұмыстарын бақылады.

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: [akmeshit.kz@mail.ru](mailto:akmeshit.kz@mail.ru)

## КӨКТЕМ ЖОЛ ЖӨНДЕУДЕН БАСТАЛДЫ



Бірінші кезекте аймақ басшысы Сұлтан Бейбарыс көшесін қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Жалпы ұзындығы 4,2 шақырым жолды қалпына келтіру жұмыстары ақпан айында басталып, 12 ай ішінде аяқталмақ. Мұнда әрқайсысының ені

3,5 м құрайтын 4 жолақты жол салу жоспарланған. Күре жолға апаратын бұл көше алдағы уақытта көліктердің еркін қозғалысына сеп болатыны анық.

Сондай-ақ биыл Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты елді мекендердегі

236 көшеге орташа жөндеу жүргізу үшін 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Бұл қаражатқа 99 көшеге асфальт төсеу және 137 көшеде тас жол салу жоспарланған.

2 БЕТТЕ

Осы аптада қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен аппараттық мәжіліс отырысы өтті. Мәжілісті бастамақ бұрын шаһар басшысы қала әкімдігіндегі кадрлық өзгерістерге тоқталды.



## ТӘРТІП ПЕН ТИЯНАҚТЫЛЫҚ ТАЛАП ЕТІЛДІ

Алдымен қала әкімі «орталықтан – өңірге» ротация тәртібімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінен келіп, Қызылорда қаласы әкімдігінде экономика және қаржы, ауыл-шаруашылығы мен жер, кәсіпкерлік салаларына жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалған Ермеков Дінмұхаммед Жандарбекұлын таныстырды.

Осы уақытқа дейін экономика және қаржы, ауылшаруашылығы мен жер, кәсіпкерлік салаларын жетекшілік етіп келген қала әкімінің

орынбасары Сейілов Жанмұрат Жақсымұратұлы мәдениет және спорт, қоғамдық даму мен әлеуметтік мәселе және білім салаларына басшылық ететін болады.

Мұнан соң Асылбек Өмірбекұлы қаланың қаржы саласының дамуына лайықты үлесін қосып, қаржы бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарып келген Айменов Сейтмахан Нұрәліұлына зейнет демалысына шығуына байланысты Қызылорда қаласының «Құрмет грамотасын» табыстады.

2 БЕТТЕ

### №9 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Шахаров Бағдат Иманзадаұлының сайлауалды бағдарламасы



#### ӨМІРДЕРЕК

Мен, Шахаров Бағдат Иманзадаұлы 1980 жылы 11 қаңтар күні Қызылорда қаласында дүниеге келдім.  
1994 жылы №6 К.Маркс атындағы орта мектептен 8-ші сыныпты аяқтап, 1998 жылы қазақ-түрік лицейін тәмамдадым.  
2002 жылы Алматы қаласындағы «Қазақ Академиялық Университетін» юриспруденция мамандығы бойынша бітірдім.  
Алғашқы еңбек жолымды 2002 жылы Оңтүстік Корея мемлекетінде бастап шетелден біраз тәжірибе жинақтадым.  
2007 жылдан бастап, Қызылорда қаласының «Халыққа қызмет көрсету орталығында» инспекторлықтан бөлім басшысы лауазымдарына дейін 11 жыл адал жұмыс атқарып, халыққа қызмет көрсеттім.  
Қазіргі таңда «Мұнай.Тех.Севис.Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде заңгер лауазымын атқарып келемін.  
Отбасылымын, 4 баланың әкесімін.

#### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті сайлаушылар!**  
Биылғы ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы бұрынғы саяси науқандан өзгеше болғалы тұр. Осы доғада өз-өзімді ұсынғанды жөн санадым.  
Сіздердің қолдауларыңызбен халық қалаулысы болсам мынадай бағыттарда өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

- Кандидатурамды ұсынған округтегі сайлаушылардың басым бөлігі көпқабатты үйлердің тұрғындары. Ең алдымен қаладағы ескі көпқабатты үйлерге модернизациялауға, яғни жаңғыртуға, сыртын сәндеуге атсалысар едім. Өйткені сыртқы келбеті көркем үйлер қаланың ажарын кіргізеді;
- Балалар – біздің болашағымыз. Олар жақсы алаңда ойнап, демалуы тиіс. Осы бағытта әр үйдің ауласына қажетті балалар алаңын салуды қолға алуға ықпал жасаймын. Себебі балалар алаңы мәселе ретінде жиі көтеріледі. Сондықтан мұны назардан тыс қалдырмаған жөн деп ойлаймын;
- Мемлекетіміз кәсіпкерлікті қолдауға басымдық беріп, кәсіпкерлердің жеке кәсібін бастауға қолайлы жағдай жасап келеді. Десе де бұл салада кемшіл тұстар әлі де баршылық. Осы орайда мен орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту аясында әрбір сайлаушымының әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына ықпал етсем деймін. Сонымен қатар отандық өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау көрсету де маңызды;
- Сайлаушыларымың толғандырған түйткілді мәселесін негізге ала отырып, оның шешімін табуына;
- Қызылорда қаласын көркейтеу-қоғалдандыруға;

- Аяқсу мәселесін шешіп, Қызылорда қаласының барлық аумағын абаттандыруға;
- Кәріз жүйелері мәселесінің оң шешім табуына;
- Ауызсуудың сапалы әрі таза болуына;
- Бүгінде қымбатшылық белең алып барады. Баға ешкімге бағынбар емес. Осы тұрғыда өзім сайланатын округтен бағасы көпшілікке тиімді азық-түлік сататын әлеуметтік дүкендердің ашылуына ықпал етуге;
- Қала тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалауға;
- Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің, көпбалалы аналардың тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстауға;
- Көмек қажет ететін жандар үшін қайырымдылық ұйымдастыруға;
- Көпқабатты тұрғын үйлерде жиі кездесетін мәселе – суға толы өкпіре. Қалалық мәслихат депутаты болсам, осы мәселенің оңтайлы шешілуіне барынша қолдау көрсетуге;
- Қазіргі қоғамда балалардың қауіпсіздігі де күн тәртібіндегі мәселеге айналып отыр. Бала біздің болашағымыз десек, оның құқығы тапталмауы қажет. Осы орайда балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне үнемі назар аударуға;
- Қоғамда жұмыссыздық мәселесі жиі кездеседі. Жұмыспен қамту мақсатында жәрмеңке өтсе де нәтижесі көңіл көншітпейді. Осыған байланысты жұмыссыздық мәселесін назарда ұстауға, әрі тұрғындардың жұмыспен қамтылуына;
- Депутат – халық айнасы. Сондықтан сайлаушыларымымен кездесуді жиі ұйымдастырып, олардың мәселесін шешуге;
- Көпқабатты тұрғын үйлер арасындағы жүргінші жолын жөндеуге;
- Көпқабатты үйлердің ауаларына жарық шамдарын орнатуға;
- Отбасылық-демографиялық ахуалдың қалыптасуы болуы да маңызды. Бұл ретте «Жас ата-ана» мектебін қалыптастыру, бала тәрбиесінде бабалар тағалымына баса назар аударған жөн. Осы орайда бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың ұлқалтандыруына;
- Қазір білімді, мықты жастар баршылық. Олар – біздің мақтанышымыз. Сондықтан өз округіміздегі жастарға барынша назар аударуды, олардың тәртібін қадағалауды, уақыттарын тиімді өткізуді, жастар қызығатындай пайдалы үйірмелер ашуға;
- Балалардың сапалы білім алуына негізделген мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына;
- Заман дамыған сайын халықтың қажеттілігі мен сұранысы артатыны белгілі. Осы тұста маған сенім артып әрбір тұрғынның өзекті мәселесін мінберлерде қозғауға, еліміз үшін тиімді, пайдалы істердің жүзеге асуына атсалысуға;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық үйірмелердің санын арттыруға;
- Өнер мен руханият бағытындағы үйірмелердің санын арттыруға;
- Жастарды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге бағыттау мақсатында ақсақалдар мен жастардың кездесулерін ұйымдастыруға;
- Тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардың балаларын арнаулы орта және жоғары оқу орындарында тегін оқыту мақсатында жұмыс жасауға;
- Қызылорда қаласына қарасты елді мекендерде тұратын сайлаушылардың мәселесіне назар аударуға;
- Жол, су, жарық сынды инфрақұрылымның дұрыс болуын бақылауға;
- Маған сенім артқан тұрғындардың арыз-шағымы мен өтінішін билікке жеткізуге қызмет етемін.

**Қадірлі жерлестер!**  
Меңі негізгі ұстанымым – депутат халықпен бірге болуы керек! Сайлаушылар маған сенім артса, мен сол сенім үдесінен шығуға дайынмын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

### №8 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Серікбаев Айдос Сабитұлының сайлауалды бағдарламасы

#### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

##### Құрметті қала тұрғындары!

«Ақ жол» партиясы ҚР Президентінің ұстанымдарын қолдайды және партия бағдарламасы Президент ұстанымдарымен сәйкес келеді. Демократиялық партия мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және олардың қоғам алдында есеп беруі – бюрократия мен билікті қарапайым азаматтардан бөлуге қарсы ең тиімді құрал санайды. Мен «Ақ жол» партиясының жоспар-мақсатын қолдағандықтан және Қазақстанның өркендеуіне үлесімді қосу үшін партия қатарына қосылдым. Ал бүгінде еліміздің дамуына еңбек ету үшін Жаңа Қазақстанды құруға ықпал ететін жаңа құрам жасақтауға бағытталған 19 наурыздағы ҚР Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауында «Ақ жол» партиясы атынан №8 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде тіркелдім.

##### Құрметті сайлаушылар!

Мен Қызылорда қалалық мәслихат депутаты болсам алдыма қойған мақсат-міндеттерім төмендегідей:

- Ең бірінші – қоғаммен байланыс. Өз аумағымдағы шағын аудан, кент немесе ауылдық округтің жағдайын жақсарту үшін тұрғындармен байланыс орнатымын.
- «Ақ жол» партиясы ұстанатын әлеуметтік саясатының басымдылығы сапалы және қолжетімді білім алуға бағытталған. Сондықтан мектеп оқушыларының қауіпсіз әрі заманауи ғимаратта сапалы білім алуына ықпал етіп жоспарлап отырмын.
- Қызылорда қаласының аумағы кеңейіп келеді. Осы орайда әр тұрғынға сапалы тұрғын аумағын дамыту маңызды. Су, жарық, жылу және газ секілді қарапайым қажетті дүниелердің әр тұрғынға қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды.
- Әлеуметтің әлеуетін арттыру – уақыт күттірмейтін мәселе. Тұрғындар арасында жұмыссыздықты азайту, медициналық қызметті емін-еркін пайдалануына жағдай жасау жоспарда бар.
- Қазіргі кезде Қазақстанда өмір сапасын жақсартуға, азаматтарды қолдауға арналған мемлекеттік бағдарлама қатары көп. Ал сол қайырманысыз грант, бизнеске арналған несиесі, жас мамандардың алғашқы жұмыс орынын табуына ықпал ету міндеті.
- Аумақта жүзеге асырылатын және жоспардағы жұмыстарды назарда ұстау, қажетті жағдайда бақылау және тұрғындар ұсынғанына сай орындалуына сеп болу да депутаттың міндеті. Сол себептен аумақтағы әр құрылымды, қызмет көрсету жұмысын назарда ұстай отырып, төмендегі міндеттерді мойныма аламын:
  - Қала көшелеріндегі автомобиль және жаяу жүргіншілер жолдарының жөндеуін және сапасын назарда ұстау;
  - Әлеуметтік осал топтағы азаматтардың, зейнеткерлер, көпбалалы аналардың мемлекеттен тағайындалған тиісті жәрдемақыны алуын қамтамасыз ету;
  - Аумақтағы қоғамдық көліктердің қызметін бақылау, тұрғындар өтінішіне сай тиімді маршрут сызбасын дайындау;
  - Өзіме сенім білдірген сайлаушылармен тығыз байланыс орнатып, олардың өтініш-тілектерін сессияда сарапалап, тиісті органдармен бірлесе мәселелерді шешу.

**Қадірлі сенім білдіруші жерлестер!**  
Тарихы терең Сыр елінің жүрегі Қызылорда шаһарының ең бірінші кезекте тұрғыны ретінде бұл сайлауда бақ сынауды жөн көрдім. Мақсатым – қаланың өркендеуіне септігімді тигізе отыра, жерлестеріміңнің әл-ауқатын арттыру. Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін бірге қадам басып, әр азаматтың атсалысуы маңызды. Сондықтан 19 наурызда Қызылорда қаласындағы №8 сайлау округінің сайлаушыларын саяси науқанға белсенді түрде қатысып, «Ақ жол» демократиялық партиясына және маған дауыс беруіңе шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

## ҚАЗАНҒАПТАН ЖЕТКЕН ҚАЗЫНА

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Қазанғап мұрасы – ұрпақ қазынасы» атты дәулескер күйшінің жанына серік болған домбырасының көшірмесін музей қорына қабылдау рәсімі өтті. Қазанғаптан қалған мұра өскелең ұрпаққа рухани нәр беретін қазына ретінде құнды.



Шараны облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, музей экспонаттарына қосылған құнды дүниенің қадір-қасиетіне тоқталды.

3 БЕТТЕ

# КӨКТЕМ ЖОЛ ЖӨНДЕУДЕН БАСТАЛДЫ



2023 жылы шаһардың жол-инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар да жалғасын таппақ. Соның ішінде 19 көшеге жауау жүргіншілер жолын салуға облыстық бюджеттен 690,0 млн теңге бөлінген. Қазіргі кезде «Қызылорда жолдары» мердігер мекемесі қаладағы Скатков, Улиханов, Әбілқайыр хан, Бөкейхан, Көшербаев көшелері мен Титов қыстағындағы Жанкент көшесінде жауау жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы тротуардың құрылыс жұмыстарын бастап кетті.

Басы 1-бетте



Облыс әкімі аралау барысында өткен айда басталған Қызылжарма каналы арқылы «Бәйтерек» ықшам ауданына өтетін көпір құрылысымен де танысты. Жалпы құны 384,3 млн теңгені құрайтын жобаны «Стандарт Ойл КЗО» серіктестігі жүзеге асыруда. Мұнда ұзындығы 156 метр болатын екі жолақты жол салынбақ. Құрылыс жұмыстары тамыз айында аяқталады деп күтілуде.

Биыл облыс орталығында Өнер сарайы, Неке сарайы және Қан орталығының құрылыстары да жүргізілуде. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласында зәулім Оқушылар сарайы, 7 мың орындық жабық стадион, «Анаға тағзым» орталығы, қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жылу электр орталығы секілді заманауи нысандар бой көтермек.

А.БІРКЕНОВ

## Бөлім басшылары жауау жүріп, аралауы тиіс

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жәнібек Файзуллаев қаланың санитарлық тазалығы, көркейту-қоғалдандыру және абаттандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

Бөлім басшысының айтуынша, қаламызды көркейту-қоғалдандыру мақсатында былтыр жергілікті бюджеттен 427,0 млн теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде 51 сквер-аллея орналасқан аумақтарда көлемі 54 мың шаршы метр гүлдер мен газондар, қала аумағының орталығындағы ұзындығы 54,6 шақырым арық жүйелерін, жасыл елпелерді суаруға арналған насостарды, талдарды бақтау, ақтау жұмыстары, талдарды химиялық өңдеу, символдарды және ұңғымаларды күтіп ұстау қарастырылған. Осы аталған жұмыстар бойынша тиісті шаралар толығымен атқарылған.

Сонымен қатар қаланы аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында «Жібек жолы» және «Қызыл-

жәуау жүріп қарау қажеттігін тапсырамын, – деген талап қойған Асылбек Өмірбекұлы тиісті сала басшысына қала аумағындағы көшелерге, көпөтерлі тұрғын үйлердің ауласы, әсіресе шет аймақтағы тұрғын аудандарға тұрақты түрде тазалық жұмыстарын жүргізіп, ойын алаңдары мен сквер-аллеялардың тазалығын күнделікті қадағалауды талап етіп, бұл жұмыстардың қатаң бақылауында болатындығын жеткізді.

Сонымен қатар қазіргі уақытта екі мәселе бойынша сот органдарында тиісті талап арыздар қаралуда. Оның бірі қаладағы Қараторғай көшесінде орналасқан бұрынғы целлюлоза-картон зауыты ғимаратының жер учаскесін мемлекет меншігіне қайтару болса, екінші мәселе Жұрба көшесі бойында жатақхана ғимаратының



ауытқып, құрылысты үлкеніткен. Яғни, құрылыс барысында өртеке қарсы талаптар сақталмай салынды. Бұл бойынша прокурорлық ұсыныс беріліп, сотқа талап арыз берілді. Сот тәртібімен құрылыс 2022 жылдың шілдесінде бұзылды.

«Қызыл сызық» талабын бұзған жеке тұрғын үйлер бойынша бөлім мамандары мониторинг шараларын тұрақты түрде жүргізуде. Осындай мониторинг барысында «қызыл сызық» талабын бұзып тұрған 76 жеке тұрғын үйдің меншік иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қала әкімі қала аумағында «қызыл сызық» нормаларының сақталуын қатаң бақылауға алуға, ал «қызыл сызық» нормаларын бұзғандарға қолданыстағы заң аясында айыппұл салу жұмыстарын жүргізуді міндеттеді.

## Қаланың несие портфелін арттыру қажет

Одан соң кәсіпкерлік саласының мәселелері жоспарлық талқыланды. Бұл бойынша қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бағлан Аманкелдиев баяндады.

– 25%, ауылшаруашылығы бағытында – 26%, өндірістік бағытта – 21% көрсетуде, – делі бөлім басшысы.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында субсидиялау бағыты бойынша 16,7 млрд теңгені құрайтын 1082 жоба, жыл басынан бері 674,8 млн теңгеге 10 жоба қолдау алды. Қайтарымсыз мемлекеттік грант бағыты бойынша 56,6 млн теңгеге 16 жоба қаржыландырылды. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы арқылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында қайтарылған қаражат есебінен «Іскер» бағдарламасы бойынша 180,1 млн теңгені құрайтын 38 жоба, «Агробизнес» бағдарламасы арқылы 100,1 млн теңгені 5 жоба қаржыландырылды.

Жыл басынан бері «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жоба құны 819,6 млн теңгені құрайтын 101 жоба қолдау алса, оның ішінде 419,5 млн теңгеге 46 кәсіпкердің жобасы қаржыландырылды. «Іскер» бағдарламасы аясында 27 млн теңгеге 5 жоба. Қазіргі таңда аталған қаржы ұйымына қала және елді-мекендер тарапынан жоба құны шамамен 504,6 млн теңгені құрайтын 44 жобаның құжатты ұсынылууда.

«Жұмыспен қамтудың 2021-2025 жылдарына арналған жол картасы» аясында «Іскер» бағдарламасы бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 53,1 млн теңгеге 11 жоба, «Групп Инвест» ЖШС арқылы 52,5 млн теңгеге 7 жоба қаржыландырылды. Сондай-ақ «Atameken Quzylorda» МҚҰ арқылы 188,1 млн теңгеге 25 жоба қаржыға ие болды. Сонымен қатар «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаның» қайтарымсыз мемлекеттік грант бағыты бойынша жоба құны 997,3 млн теңгені құрайтын 814 кәсіпкер қаражатқа қол жеткізді.

– Бұдан бөлек, «Өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың бірінші индустрияландыру» картасы аясында «Нұр Орда жолы», «Вега Пром» серіктестіктерінің асфальтбетон және құрғақ құрылыс қоспаларын шығару жобалары іске қосылса, өткен жылдың соңында қартадан тыс жеке кәсіпкер «Пиримжановтың» есік шығару цехы пайдалануға берілді. Қазіргі таңда «Строительно-Транспортная Компания» ЖШС-нің темірбетон бұйымдарын шығару жобасын іске қосу бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Биыл қала бойынша жалпы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік нысандардың ішіндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік нысандарының үлесін 93 пайызға дейін жеткізу бойынша тиісті шаралар қабылдап, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыстар атқарылатын болады, – делі Б.Аманкелдиев.

Кәсіпкерлік саласы бойынша қала әкімі қаржы ұйымдарымен бірлесіп кәсіпкерлік саласын дамыту мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері мен шарттарын түсіндіру, өз кәсібі жанадан ашықшы келетін бастамашыларды кәсіпкерлік негіздеріне тарту мақсатында түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуді және мемлекеттік қолданыстағы барлық кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану отырып, қаланың несие портфелін арттыру бағытында нақты шараларды қабылдауды тапсырды.

Аппараттық мәжіліс соңында қаралған мәселелер бойынша қала басшысы тиісті сала мамандарына, өз орынбасарларына нақты тапсырма берді. Сонымен қатар ол тапсырмалардың уақытылы, сапалы орындалуын талап етті.

Ақтоқын НУРЛЫБАЙ

# ТӘРТІП ПЕН ТИЯНАҚТЫЛЫҚ ТАЛАП ЕТІЛДІ

жарма» каналдарын күтіп ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өткен жылы 25,7 млн теңге қаржы бөлінді.

Оған қоса ұзындығы 13,8 шақырым болатын «Қызылжарма» каналы арқылы Кби, Коммунизм, Шанхай, Гагарин шағын аудандарындағы арық жүйелерімен 40 мыңға жуық халқы мен Қызылжарма ауылдық округіндегі 8 мыңға жуық тұрғын аяқсумен қамтылды.

Сондай-ақ Сырдария өзенінің сол жағалауынан 29,7 млн теңгені құрайтын тереңдігі 80 метр болатын 2 техникалық су жинау ұңғымасын бұрғылау жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Аталған жобаның мақсаты «Сол жағалау» шағын ауданындағы Абылайхан даңғылы бойында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын аяқсумен қамтамасыз етуге бағытталған.

– Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы және экологиялық ахуалы Сырдария өзені бассейнінің кепілді сумен қамтамасыз етілуіне тікелей тәуелді. Осыған орай күрделі болып отырған аяқсу мәселесі бойынша қаладағы су тапшылығының алдын алу мақсатында барлығы 31 техникалық ұңғымалар орнату бойынша республикалық бюджетке өтінім жолданып, Үкімет резервінен қолдау тауып, қалаға 11 және қалаға қарасты кент, ауылдық округтерге 20 техникалық ұңғымалар орнатылды.

Қаламызды көркейту-қоғалдандыру мақсатында жергілікті бюджеттен 484,7 млн теңге қаражат бөлінді. Қазіргі күні мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде, – делі бөлім басшысы.

Содан соң Жәнібек Файзуллаев қаланы көркейту, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын баяндады. Қазіргі күні санитарлық тазалық қолға алынды. Шаһардың әр көшесінде, орталығында жұмыс жүрді. Әйткенмен қанша жұмыс жасалса да, қала әкімі тарапынан сын айтылды.

Басы 1-бетте



## «Қызыл сызық» қызық болды

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Фабиет Қожахметов қаладағы «қызыл сызық» талабын сақтамай салынған нысандар туралы баяндады.

– «Қызыл сызық» талабы бойынша да бөлім тарапынан пәрменді шаралар жүргізілуде. Өткен жылы бөлім сот органдарына жүгініп, қала көшелерінің бойында, яғни көшенің қызыл сызығында орналастырылған екі дүңгіршекті алдырды. Бұдан бөлек, жер учаскелерінің меншік иелерімен жүргізілген түсіндірме жұмыстарының

жанынан салынған автожол бекетін бұзу, – деп баяндады бөлім басшысы.

Қазіргі уақытта Қараторғай көшесі бойында орналасқан нысан бойынша сот нысанға техникалық сараптама жасауды ұйғарды. Ал Жұрба көшесіндегі автокөлік жол бекеті бойынша сот процесі жүргізілуде.

Сондай-ақ 2020 жылғы 4 желтоқсандағы №16806 қаулысымен И.Тоқтыбаев көшесі бойынан әлеуметтік дүкен мен асхана салу үшін «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына 234 шаршы метр жер учаскесі берілген болатын. Қаулыға сәйкес нысанға сәулет-жоспарлау тапсырмасы беріліп, эскиздік жобасы келісілді. Алайда құрылыс салу барысында меншік иесі эскиздік жобада көрсетілген талаптар

Қалада 2023 жылдың 1 ақпанына дейін 35581 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Оның ішінде заңды тұлға – 6042, дара кәсіпкер – 27224, шаруа қожалық – 2315. Өткен жылмен салыстырғанда 23,1%-ға артты. Жұмыс істеп тұрған нысандар саны 92% құраса, облыс бойынша белсенді нысандардың 48,2%-ы қаланың үлесінде. Жалпы қала халқының 35581-і шағын және орта кәсіпкерлікте тіркелген.

– Жалпы мемлекет тарапынан өткен жылы қала бойынша 19 млрд теңгені құрайтын 2031 жоба қаржылай қолдау алып, шамамен 2112 жұмыс орны құрылды. Ескере кететін жайт, бұл қаржылай жеңілдіктерге қол жеткізген жобалардың салалық бөлінісінде қызмет көрсету саласы бағытында – 28%, сауда саласы бағытында

Қай заманда да өнер иелері, ақындар, әншілер, жыршылар халықтың ең сыйлы, ең абзал, ең ардақты азаматтары болған. Олар ел басына күн туғанда күңгірт тартқан көңілге шуақ орнатып, жылағанын жұбатқан, егілгенін қуантқан. Рухани өмірдегі сондай есімдер – халық арасынан дара шыққан жазушылар, аркалы ақындар, жыршы-термешілер, жыршы-жыраулар. Қазақ халқы ондай ерен жүйріктерге бай болған. Солардың бірі – артында мол мұра қалдырған, ақиық ақын, талантты композитор, күміс көмей әнші, замана бұлбұлы Нартай Алыпқашұлы Бекежанов.

Нартай Бекежанов 1890 жылы 26 наурызда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, (бұрынғы «Үлгілі» колхозы) осы күнгі Нартай Бекежанов атындағы ұжымшарда дүниеге келген. «Атам Бекежановтың сегіз ұл, бір қызы болған. Кенже ұлының аты – Алыпқаш. Мен сол Алыпқаштың баласымын», - деп жазды ол өзінің өмірбаянында. Нартай екі жасқа шыққанда әкеден айырылады. Қаршадайынан-ақ тіршілік тауқыметін аркалаған талапкердің санасы ерте оянып, көкірек көзі ерте ашылады.

Нартай өнері Сыр бойының дәстүрлі өнерінің бір тармағы іспеттес. Ол жасынан Сыр бойының белгілі ақын-жыраулары Балқы Базар, Кете Жүсіп, Қанды Жүсіп, Бұдабай, Тасберген, Омар өлеңдерін жатқа айтып, солардың өнерінен сусындап өсті. Нартайдың анасы Бақтыгүл, туған ағасы Мәнсур да заманында елге белгілі ақындар болған. Нартай дарынының ұштала түсуіне олардың да ықпал-әсері аз болмаса керек. Нартайдың анасы Бақтыгүл әнші, тілге шешен, суырып салма ақындығы бар, парасатты адам болыпты.

Бала жасынан бастап, ән әділдеп өсірген Нартай ақын есейе келе ана аузынан шыққан әнді қағып алып айтуға өте зерек болған. Ес білгеннен Шығыс поэзиясына құмартып өседі. «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зуһра», «Сейпіл-Мәлік», «Рүстем-Дастан», «Ескендір Зұлқарнайын», «Баһрам» тәрізді киссаларды түгел жатқа жырлаған. Ол жасынан керуеншілерге ілесіп, Өзбекстан, Тәжікстан жағын көп аралаған. Өзбектің халық әндерін, билерін, дутар, рубап, нәй секілді музыкалық аспаптарды еркін тарта білген.

Ақын-әнші атанып, серілік құрып жүрген шағында Сыр бойына Арқадан атақты Тайжан ақын келеді. Үкілі Ыбырайдың жиені, асқан ақын әрі әнші Тайжан Қалмағамбетов Сыр бойындағы көптеген жас ақын-әншілерге өнеге көрсетіп, ұстаздық етеді. Бұрын көбіне топ алдына домбыра ұстап шығатын Нартай бұдан былай Тайжанға еліктеп, енді дауысын он екі тілді татар сырнайына қосып шыққауды үйренеді. Осыдан былай кеудесі кер, үні жұмсақ гармон Нартайдың өмірлік серігі айналады.

Нартай өнер жолына шын түседі. Әр адам баласының бойына ананың ақ сүтімен келген өзіне тән қасиеттері бар. Ол ерте ме, кеш пе шықпай қалмайды. Сондай ақындық қасиет бала жігіт Нартайдың да көкірегін жарып, сыртқа шықты.

Коймады бұл ақындық қашқанменен, Он жеті үйір болып жастаң бермен. Токталып қайнар бұлақ қарап жатпас, Үстіне тау төңкеріп басқанменен, - деп, ақынның өзі жырлағандай, сылдырап аққан өнер бұлағы арнасы ашылып, тасқынды селге айналды. Иығында гармонны, қолында домбырасы Нартай қонып, түстенген жерін сән-салтанатқа ән мен жырға бөледі. Сол кезде кең тараған «Құлышшақтың әні», «Қара торғайдың әні» және Тайжаннан үйренген Арқандың небір сұлу әндері Нартайдың репертуарында кеңінен орын алып, тыңдаушының құлақ құрышын қандырып, естіген жанды еріксіз еліктіретін болды.

Бір сүйсінерлігі, бұл әндерді жыртық, жұпыны тұрмыс тауқыметін тартып отырған езілген халық тыңдайды екен. Ақын ән шықпай жүріп, өз халқының мүшкіл халіне жан жүрегімен күйінеді. Елді сорған, сорлыны талаған би, болыстар мен шен-шекпенділерді сын садағымен түйрейді.

Бір күні Сыр бойының бір болысы ақынға: «Сенің өлеңіңнен басқа дымның жоқ, сонда да жұрт саған үйіріле түседі, менде бәрі де

бар, сонда да менен жиырыла түседі, осының мәнісін айтшы?» - деген болысқа Нартай бөгелместен былай депті:

- Жаксы көрсе жұрт мені,

Сайрап салған әнім гой.

Әнімнің жайы қашаннан,

Ағайынға мәлім гой.

Ән деген әлсіз жүрекке,

Қуат құяр дәрім гой.

Жек көрсеткен сені елге,

Жыланша жайған зәрің гой.

Малға бай болғанмен, ақыл мен парасатқа кенде бай мұны естігенде жүйелі бір сөз таба алмай, аузына күм құйылыпты. Қазақ даласын бұлт бүркеп, дауыл шайқап тұрған сол заманда Нартай осылайша жығылғанға демеу болып, түңілген көңілге үміт отын жаққан.

жоғары бағаланып, талғампаз көрермендерінің ыстық ілтипаты мен лебізіне ие болды.

Мәскеуден шабытына қанат байлап елге қайтқан Нартай Шиелі төңірегіндегі ақын-жыршылар мен әнші-күйшілердің басын құрап, көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыра бастайды. Кейін осы көркемөнерпаздар үйірмесі ансамбльге, ансамбльден концерттік-эстрадалық бюроға, соңында облыстық филармонияға айналады. Ансамбльдің жүрегі Нартай болды. Ансамбль күн санап өсіп, халық алдында беделі арта түсті.

Бұл ұжым репертуар жағынан да бай болды. Қазақтың халық әндері, Кеңес композиторларының шығармалары, кішігірім драмалық пьесалар да қойылып жүрді. Халық оларды «Нартай ансамблі» деп атап кетті.

көркемөнердің басын қосып, өз тұсында сегіз қырлы болған қайраткерлер аз емес еді. Міне, осы бір әнші-ақындардың қатарына қосылатын адамның бірі – Нартай», - деп бағасын берген.

Нартайдың бір орындауын естігенде, оның өлеңіне де, орындаушылық шеберлігіне де риза болған Сәбит Мұқанов сол арада:

Жұлделі жүйрік Нарекен,  
Сүйсігендей бар екен,- деп бекер айтаған.

Поэзия алыбы Жамбыл шығармашылығының 75 жылдық тойына келген ақындардың ішінде Нартайды көріп, оған өзінің қатты риза болғандығын білдіреді. Поэзияны да, музыканы да жаны жете түсінетін карт табанда Нартайға қарап тұрып:

# НАРТАЙ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ МҰРАСЫ



Нартай таланты халқына танытқан 1934 жылы Алматы қаласында өткен халық өнерпаздарының бірінші слеті болды. Бұл өнер жиынында республикамыздың түкпір-түкпірінен келген 300-ге жуық ақын, әнші-күйші, жыршы-жырау бас қосты. Бұған бауырлас Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қарақалпақстаннан да атақты өнерпаздар қатысты. Нартай туындыларының ішінде ең көп тараған, композиторлық шығармашылығының мөлдірі – «Нартай әні» деп аталатын туынды. Осы слетте Жаппас Қаламбаев қобызға қосып, тұңғыш рет орындады. Өн өнер қайраткерлерінің, музыка зерттеушілерінің назарын бірден аударды. Абайша айтқанда, «құлақтан кіріп, бойды алған» ән болды. Музыка мамандарының тілімен айтқанда, «кең құлашты, кербез, күнгей лирикалы, терең сырлы, жылы шырайлы шығарма» еді.

Нартайдың осындай кен тынысты, қарым мол, бояуы қанық әндері Ұлы Отан соғысы жылдарында да еңбекшілер арасына кен таралып, өзінің тыңдаушыларының құлақ құрышын қандырды. Мысалға, «Бейбітшілік», «Қайран көкем», «Толқын», «Серпің», т.б. әндердің сөзін де, әнін де шығарған Нартайдың өзі болатын.

1934 жылғы 14 маусымда музыкалық театр үйінде болған үлкен концертте Нартай өзінің «Замана бұлбұлы» атты толғауын орындады. Бұрын атақ-даңқы Қазақстанның оңтүстік өлкелеріне көбірек тараған ақын-әншінің есімі осы слеттен соң кең байтақ республикаға танымал бола бастады.

Ендігі бір Нартай шығармашылығына үлкен шабыт берген 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігі еді. Бұл өнер байқауында Нартай таланты

Ақын Нартай Қызылорда мен Шымкент облыстарындағы талантты термешілер мен әншілерді, күйшілер мен бишілерді жинап қана қойған жоқ, солардың өнерінің арқасында халықтық дәстүрді одан әрі дамытып, оны жаңа белестерге көтерді. Нартай жастарға өзі білетін ескі мақамдар мен жырларды үйретіп, ұстаздық студент жалықпады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында «Нартай ансамблінің» шығармашылық құлашы кең жайылды. Олар Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарын аралап, концерттер қойып, шығармашылық табыспен оралып жүрді. Сондай-ақ, іргелес жатқан Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан республикаларына барып, концерттер беріп, тылдағы еңбеккерлердің рухын көтерді. Сондықтан оларды еңбекші халық қайда барса да, зор ықыласпен қарсы алып отырды.

Ансамбльдің шығармашылық табысының үлкен болуының тағы бір себебі – Нартайдың жан-жақтылығында еді. Ол патриоттық өлең-жырларды шығарумен қатар өзінің сол кездегі әсем дауысының арқасында жүрекке жылы тиетін, сезімді оятатын әндерді орындады. Ансамбль әншілеріне, өнерпаздарына репертуардың бірқатарын өзі жасап бере отырып, жаңа шыққан әндер мен басқа да өнер жетістіктерін үйретуші, таратушы, насихаттаушы болды. Өзі концерт көнілді болу үшін керек жерінде конференция рөлін де атқарған. Нартай тек ақын, әнші, композитор ғана емес, әрігі те болған.

Қазақ өнерінің егжей-тегжейін талдаған профессор Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлы» деген кітабында: «Қазақ әншілерінің ішінде тек әнді ғана кәсіп етпей, бірқатар

О, Нартай, шешен таңдай, қасқа маңдай,  
Сөзің дәмді, тәтті екен шекер-балдай,  
Жүрегің сілкілдіріп бір ояттың,  
Сарғайып күншығыстан атқан таңдай,-

деп, оның өнеріне шынайы бағасын берді.

Ақын шығармашылығының негізгі тақырыбы – Отан, халық, Сыр бойының ерен еңбегімен танылған майталман малшылары, дара шыққан дикандар, еңбекке еңжарқарайтын жатыншыер жалқаулар.

Ол адал еңбегімен абыройға жеткен қадірменді адамдарға да өлең арнаған. Күрші өсірудің шебері, Сыр бойының әйгілі диканы Ыбырай Жақаевқа, атақты балуан Қажымқұманға, басқа да белгілі адамдарға арналған өлеңдері ақынның оларға деген ризашылығын білдіреді. Өзіне ұстаз тұтқан үлкен сөз зергерлеріне арналған өлеңдерінде қоғамдағы ақынның елеулі орнын дұрыс түсініп, лайықты баға береді.

Нартай 1939 жылы «Сыр» атты толғау шығарды. Мұнда мол сулы Сырдарияның ғасырлар бойы тіршілікке тізгін бермей келгені, халықтың басынан өткен қиы замандар, жаугершілікте қирап кеткен қалалар, еңіреген ел, азап пен ажал құшқан адам тағдыры баяндалады. Дарияның сол кездегі күні былайша суреттелді:

Ел жүдеп келмеген сон кемеліне,  
Шегінді, шықпады Сыр кемеріне.  
Жасындай жабыққан ел жылпақ ақты,  
Бай, бектің бас ұрмалды беделіне.  
Нартай – от ауызды, орақ тілді сатирик ақын. Ол колхоз өмірінде адамдар арасында кездесіп қалатын кеселді көріністерді ашы тілмен әшкерелеп, мысқыл-сықакқа қосып отырды. Ақын ауыл аралап, концерт қоя барғанда алдымен сол жердің ерекшелігімен,

шаруашылығының жай-күйімен, адамдарымен танысып, сын пікірлерін көптің алдында айтуды көп ретте дағдыға айналдырған. «Қайрақбай» деген өлеңінде шаруашылығы артта қалған колхоздың жылпос, жемқор төрағасын қазбайл мәңейді. «Жалқаулар туралы» деген өлеңінде сын садағының жөбесіне араптамақтарды іледі. Сынды жалпылама түрде айтпай, атын атап, түсін түстеп айтады. Нысанға дөп тиетін мұндай сынның әсері күшті болатыны белгілі.

Ақын айналдағы тірлікке жіті карап, жақсы мен жаманды аңғара білді. Тәуірді дәріптеп, нашарды сынады. Адам психологиясын тез түсініп, тамырын тап баса білді. «Ерәлі» деген өлеңінде қызметке қырсыз, тұрмыста тұрақсыз, «бойы бұлған,

сөзі жылмаң» алаяқтың мінезі, психологиялық портреті шебер жасалған. «Күндебайға» деген өлеңінде әліл білмей әлек болған мақтаншақ, елірме ақынсымақтың қылығы мысқыл болады.

Ақын шығармашылығының аса бір ерекше қасиеті – суырыпсалма ақындығы. Нартайдың айтыстары – қазақ сөз өнерінің тарихындағы нағыз төкпе ақындықтың көрінісі. Төкпе ақындық (импровизация) өнері кез келген сәтте барлық тақырыптарға да өлеңді суырып салып айтуды қажет етеді.

Күрдәлі де көркем, терең мазмұнды айтыс 1939 жылы Алматы қаласында Нартай, Нұрлыбек сияқты екі атақты ақынның айтысы түрінде өткен. Бұл екеуінің өнер жарысына жырмен басшылық етуші, төрелік айтушы карт ақын Жамбыл болған. Айтысушы екі ақын қалың жұртшылық алдында жалынды көркем жыр тудырып жарысқан. Еңбек жемісін айту ретінде екі облыстың еңбек жетістіктерін ортаға салады, шаруашылықта орын алып отырған олжылықтардың бетін ашып, екі облысты салыстыра, жарыстыра сөйлейді.

Нартай – Қызылорда облысы, Сырдария өңірінен, Нұрлыбек – Семей облысы, шалқып аққан Ертіс өзенінің бойынан шыққан ақындар. Бірі Сыр бойының мол байлығын мақтаса, екіншісі қойнауынан алтыны ақтарылған Алтайды мақтайды.

«Басқа ақындар жазып алған қағазына жалтақ-жалтақ қарап отырғанда Нарекен гармонның құлашты созып, өлеңді түйдек-түйдегімен ағытты» – деп, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов мақтаншыл сезіммен айтқан еді.

Бүгінде Нартайдың жолын жалғастырып ұл-қыздар аз емес. «Нартай мектебі», «Нартай сазы» ансамбльдері жұмыс істейді. Демек, әнші Нартай, сазгер Нартай, әртіс Нартай, режиссер Нартай, үгітші-насихатшы Нартай, мәдениет майталманы, сал, сері Нартай есімі маңнан ұрпақтарының жүрегіне, оған деген халықтың ыстық ілтипаты бір мысқал да суымайды.

Нартай ақын қазақ көркемөнеріне үлкен үлес қосты. Оның бұл еңбегі әділ бағаланып, 1939 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері» деген құрметті атақ берілді.

Шынында да, шашасына шаң жұқпас, дұлдул ақын Нартай Бекежановтың халқына қалдырған мұрасы мол. Жасампаз дәуірдің ақын ақыны болған Нартай шығармалары, оның өміршең өлең-жырлары, кен тынысты құйқылыған әндері ұрпағымен бірге ұзақ жылдар бойы жасай бермек. Өйткені Нартай мұрасы – халық мұрасы.

**Кенжеш ОРАЛОВА,  
М.Ықсанов атындағы Қызылорда  
политехникалық колледжінің қазақ тілі мен  
әдебиетінің мұғалімі**

## ҚАЗАНҒАПТАН ЖЕТКЕН ҚАЗЫНА

Бабадан қалған жауһар жәдігерді жаңғыртып, ел игілігі үшін табыстаушы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Франция әдебиеті мен өнерінің кавалері» орденінің иегері, белгілі жыршы, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің директоры Ұлжан Байбосынова домбыраны салтанатты түрде табыс етті.

Шараға қатысушылар интерактивті панельден Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорындағы Қазанғап Тілепбергеновтың домбырасының түпнұсқасын көріп, Қызылорда музыкалық колледжінің оқытушысы Жұмабек Жансұлтан-ның орындауында «17 жасар Балжан қыз» күйін тамашалады.

Біз Қазанғап туралы не білеміз? Деректер дәлелдегендей, ол 1854 жылы қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданына қарасты Құланды түбегінің Ақбауыр деген жерінде қойшының отбасында дүниеге келген. Қазанғап небәрі 67 жас өмір сүрді, 1921 жылы туған жерінде жерленген.

Басы 1-бетте



А.Жұбанов: «Қазанғап жастайынан-ақ шебер домбырашы атанып, орындаушылық өнерге тың сокпақ салған күйші еді. Әсіресе ол сол қолдың жүрісіне аса үлкен мән беріп, көп ізденді. Бұрын естімеген күйдің әуенін зердесіне тез тоқып ала қойып, орындау мәнері мен нақышына да қатты зер салатын» – деп баға берді.

Қазанғап күйлері адамның аңсарын асқатқатып, көңіл-күйін дөп басатын сырлы саздар еді. Күй құдіреті философияға толы терең мазмұндағы шығармаларға жатады. Ол 70-ке тарта күйдің авторы.

Ал домбырасына келсек, екі ішекті, көлемі шағын, қалақша пішінді, шаңағы құралып жасалған, бір дыбыс ойығы мен ілгіші бар. Бұл домбыраның түпнұсқасын туыстарынан белгілі домбырашы Сәдуақас Балмағанбетов алып сақтаған. 2009 жылы Сәдуақас Балмағанбетовтың жұбайы Бәтима Балмағанбетова және КР Мәдениет қайраткері, күйші Мурат Әубағзы жәдігерді Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық аспаптар музейіне өткізген. Музыкалық аспаптың көшірмесін белгілі жыршы, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің директоры Ұлжан Байбосынова жасатты.

Ел күйшінің домбырасын мұражайдан тамашалай алады.

«Ақмешіт-ақпарат»

## №16 сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына кандидат Файзуллаев Мәделхан Нышанбекұлының сайлауалды бағдарламасы

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### Қадірлі сайлаушылар!

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш етіп келеміз. Халық сенімінен шығу – қадірлі іс. Мен 19 наурызда өтетін сайлауға Қызылорда облысындағы №16 сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынып отырмын. Аймақ тұрғындары үшін маңызға ие бірнеше мәселені шешуге атсалысамын. Осы орайда өзіме бірқатар міндет қойдым:

– Халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс жағдайын жақсартуға ерекше мән беру;

– Бүгінде жергілікті халық үшін өзекті мәселеге айналған ауызсу, аяқсу, кәріз жүйелерін жаңғыртуға, апаттық жағдайда тұрған көпқабатты тұрғын үйлердің мәселесін шешуге атсалысамын;

– Қалаға қарасты ауылдық округтермен кенттердің инфрақұрылымын, оның ішінде жол жөндеу, тозығы жеткен электр желілері, түнгі жарық, жаяу жүргіншілер жолының жылдам әрі сапалы шешілуіне қажетті қаржы бөлінуі;

– «Ауыл – ел бесігі», «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы елді мекендерде медицина, әлеуметтік нысандардың қайта жаңғыртудан өткізілуін назарға алу;

– Ауылдағы оқу бітірген жас мамандардың жұмысқа орналасуын ұйымдастыру;

– Көпшілікті бұқаралық спортқа тарту мақсатында қалаға қарасты ауылдық округтермен кенттерден спорттық ойын алаңдарын салуға жұмыс істеу;

– Өңірімізде қылмыс деңгейінің төмендеуіне қарамастан қауіпсіздік мәселесін күшейтіп, барлық жерге полиция бекеттерін салуды қолға алу;

– Жергілікті халықты сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін ауылдық жерден әлеуметтік дүкендердің ашылуына ықпал ету;

– Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында ауылдарда дәрігерлік амбулаториялардың көптеп салынуына ықпал етіп, білікті кадрлармен қамтуға жағдай жасау;

– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «СМПК-70» шағын ауданның салынуын 2000 орындық мектеп құрылысының сапасын қадағалау.

#### Құрметті жерлестер!

Халық сенімі бәрінен қымбат. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Шын мәнінде ел сенімін еш нәрсенен өлшеу мүмкін емес». Бүгінде облыс тұрғындарын алаңдатқан мәселелер оң шешіліп, халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын жақсартып, ой-пікірінің ескерілуі үшін сайлауға қатысамын. Мен Қызылорданың әрбір тұрғынының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасының жоғары деңгейде болғанын қалаймын. Сонда ғана тағалымды тәрбие мен сапалы білім бір-бірімен ұштасады. Сол себепті де сайлаушыларды маған дауыс беруге шақырамын.

*Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*



### ӨМІРДЕРЕК

Мен, Мәделхан Нышанбекұлы Файзуллаев 1970 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданы Қазақстанның 30 жылдығы совхозында дүниеге келдім, ұлтым – қазақ.

1987 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданы №50 Абай атындағы орта мектепті бітіріп, Шымкент кооперативтік техникумы Қызылорда филиалы «Есеп және аудит» факультетіне оқуға түстім. 1991 жылы есепші мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

1991-1995 жылы Бәйгекүм жұмысшылар кооперациясына еңбекақы жөніндегі есепшісі болдым.

1995 жылы тамыз айында өндіріс есепшісі қызметін атқардым.

1996 жылы ақпан айынан бастап Шиелі ауданы тұтынушылар қоғамы бас есепшінің орынбасары қызметін атқардым.

1996-1999 жылдары Шиелі аудандық тұтынушылар қоғамы бас есепшісі болдым.

2000-2007 жылдары Республикалық мемлекеттік кәсіпорын «Инфракос» мекемесіне гараж қоймасының менеджерісі қызметін істедім.

2007-2008 жылдары РМК «Инфракоста» экономист, 2008 жылы ЖШС «СВИТ XX» мекемесіне сауда өкілі болдым.

2008-2009 жылдары ЖШС «СВИТ XXI» мекемесі супервайзер.

2013-2015 жылдары «Мелиоратор» ЖШС қойма менеджерісі болып қызмет атқардым.

2017-2021 жылдары «Бақ-Береке 2030» ЖШС қойма менеджерісі болдым.

2022 жылы наурыз айынан бастап «СК Метпроммонтаж» ЖШС директоры қызметін атқарудамын.

## №21 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Ерубасев Мейрамбек Жолдасбекұлының сайлауалды бағдарламасы



### ӨМІРДЕРЕК

Ерубасев Мейрамбек Жолдасбекұлы 1985 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2022 жылы Аблайхан атындағы №140 орта мектепті бітірген.

2002 жылы Шымкент қаласындағы академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетіне оқуға түсіп, оны «денешынықтыру және спорт» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Алғашқы еңбек жолын 2005 жылы қалалық «Өртке қарсы қызмет» мекемесінде өрт сөндіруші маманынан бастаған.

2021 жылдан бастап зейнет демалысында.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### Құрметті жерлестер!

19 наурыз – ҚР Парламент Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау күні.

Еліміз жанашылдыққа, халық үшін тиімді өзгерістерге бетбұрыс жасауда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында енді бәрі бұрынғыдай болмайтынын, болашаққа қадам жасауда түбегейлі өзгеріс керектігін айтып, «Әділетті Қазақстанның» іргетасын қалаймыз деген еді. Бұл сөзінің дәлелі ретінде өткен жылғы Конституциялық реформаларды айтуға болады.

Еліміздің дамуының жаңа кезеңінің бастамасы 19 наурызда өтетін сайлау науқаны болмақ. Сондықтан Жаңа, Әділетті Қазақстанның іргетасын қалауға өз үлесімді қоссам деймін.

Мен, Ерубасев Мейрамбек Жолдасбекұлы алдағы саяси науқанда №21 сайлау округінен өзімді қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсындым.

Депутат – халық пен билік арасын жалғастырушы, бұқараның үнін жеткізуші тұлға. Сол арқылы қоғамның өзекті мәселесін көтеріп, шешімін табуға ықпал етеді.

Туған жерін шексіз сүйетін азамат ретінде мен де өскен өңіріміздің өркендеуі жолында шамам жеткенше еңбек етсем, халық сөзін билік басындағыларға жеткізсем деймін.

Қаланың қарапайым тұрғыны ретінде маған қоғамдағы өзекті мәселелер, Сыр жұртшылығын алаңдатқан жағдайлар жақсы таныс. Сол себепті өзіме үміт артқан сайлаушылардың сенімі жолында жұмыс істеуге дайынмын және мұның жүгі ауыр жауапкершілік екенінде білемін.

Егер мен алдағы саяси науқанда қалалық мәслихат депутаты болсам мына мәселелердің шешілуіне күш саламын.

1. Халық тұрмысы түзелмей қоғам түзелмейді. Сондықтан қашанда маңызды зор әлеуметтік мәселелердің:

– Білім, денсаулық саласы мен бұқаралық спорттың жандануына, ондағы түйткілді мәселелердің оң шешім табуына;

2. Қала тұрғындарының басым бөлігін жол салу және ауызсу, кәріз жүйелерінің тозуы алаңдатады. Осыған орай жол құрылысының сапалы болуын қадағалауға, ауызсу, кәріз жүйелерін жаңғырту жұмыстарын жүргізуге;

3. Қалада көркейту-қоғалдану жұмыстарының тұрақты жүргізілуін қадағалау;

4. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасауға, олардың мәселесін тиісті орынға жеткізуге;

5. Өзім Төтенше жағдай қызметінің зейнеткерімін. Өрт сөндіру саласында ұзақ жыл еңбек еттім. Бұл саланың кемшін тұсы, өзекті мәселелері маған жақсы таныс. Осы ретте аталған саланың мәселесін жеткізуге тырысамын.

Сонымен қатар өзім сайлауға түсіп отырған №21 округке қарасты Тасбөгет кентінде де шешім таппай отырған маңызды мәселелер жетерлік. Соның ішінде:

6. Кентте сапалы жол құрылысын жүргізуге;

7. Тазалық мәселесін ұдайы назарда ұстауға;

8. Тұрғындар жаңадан қоныстанған шет аймақтың мәселесін көтеруге, оның шешімін табуына;

9. Сондай-ақ кент тұрғындарын толғандырған жайттарды назарға алуға ықпал етемін.

Құрметті сайлаушылар!

Жаңа Қазақстанның құру – біз бен сіздің бүгінгі міндетіміз. Еліміздің әрбір тұрғыны, еліміз деген азаматы өзгеріс жасауды өзінен бастауы керек.

Ел игілігі жолында еңбек ету жауапкершілікті талап етеді. Сайлауалды бағдарламада көрсетілген міндеттерді іске асыруда қалтқысыз қызмет қылу – абыройлы міндет.

Елге қызмет жолында жинаған тәжірибем мен бар күш-жігерімді салуға ниеттімін. Ел дамуы жолындағы өзгерісті бірге бастайық.

Сіздерді маған сенім артып, дауыс беруге шақырамын.

*Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*

## №9 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Мампаев Әжібек Алғашбекұлының сайлауалды бағдарламасы

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### Құрметті жерлестер!

Мен бұған дейін Қызылорда қалалық мәслихатының VI шақырылымы бойынша депутат болып сайландым.

2016-2021 жылдар аралығында партияның сайлауалды бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар:

- Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектепте күрделі жөндеу жүргізілді;
- №8 мектепте ағымдағы жөндеу жүргізілді. Ауласы абаттандырылып, көркейту жұмыстары жасалды, қажетті жерлерге асфальт төселді;

- Округ бойынша әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасыларға қолдау жасалды;
- Батырхан Шөкенов атындағы аллеяда ұнғым қазылып, көркейту шаралары жүзеге асты;
- Округ бойынша мектеп, балабақша қызметінің тұрақты жұмысы үшін ұсыныстар берілді, ата-аналардың талап-тілегі ескерілді;

- Жастар саясаты, қоғамдық тәртіп, қылмыстың алдын алуда тиісті өкілдіктермен ұдайы байланыс орнатылды;
- Тазалық, көркейту шаралары ұйымдастырылып, белсенді тұрғындардың бастамасы қолдау тапты;

- Қоғамдық көлікке қатысты маңызды ұсыныстар берілді;
- Ауызсу, кәріз жүйесі, жарық және жолға қатысты өзекті мәселелер қолдау тапты

#### Құрметті сайлаушылар!

Біздің басты мақсатымыз – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ құру жолында күш біріктіру. Осы орайда мен алдыма бірқатар нақты міндеттер қойдым:

1. Тұрғындардың ұсыныс-тілегіне орай оң шешімдер қабылдау;

2. Округке қарасты тұрғын үйлердің су, жылу, кәріз жүйелерін жаңғыртуға атсалысу;

3. А.Байтұрсынов атындағы №211 мектепке күрделі жөндеу жұмыстарының сапалы жасалуын қадағалау;

4. Н.Ильясов атындағы №9 мектептің жобалық-сметалық құжаты бойынша күрделі жөндеу жұмыстарына қаражат бөлуге ықпал жасау;

5. Қиыршық тас төселетін көшелердегі жұмысты бақылау;

6. Сайлау округінде қажеттілікке орай балаларға арналған ойын, спорт алаңдарын салу бастамаларын қолдау;

7. Түнгі жарық бағаналары орнатылатын көшелер жұмысын қадағалау;

8. «Ақмешіт» шағын ауданында көпқабатты тұрғын үйлерге кезең-кезеңімен модернизация жұмысын жүргізуге ықпал ету;

9. Қоғамдық көлік қызметін реттеу;

10. Тазалық, қоғалдану жұмыстарын пысықтау;

11. Қоғамдық қауіпсіздік мәселесі қай кезде де өзектілігін жоймайды. Қылмысқа, төтенше жағдайдың алдын алуға және оған жедел әрекет ету де тиісті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс жасау маңызды деп есептеймін.

#### Құрметті жерлестер!

Сенім – үлкен жауапкершілік. Қоғам мүддесі үшін айтылатын әрбір талап-тілекті бей-жай қалдырмау үшін Сіздердің қолдауларыңыз өте маңызды.

Қаланың әрбір тұрғыны жақсы өмір сүруге лайық.

*Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*



### ӨМІРДЕРЕК

Мен, Мампаев Әжібек Алғашбекұлы 1964 жылы Жанақорған ауданында дүниеге келдім.

1992 жылы Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроонкерісіптік инженерлік институтын «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша аяқтадым.

Кәсіби еңбек жолымды Жанақорған ауданы су шаруашылығы мекемесінде инженер-гидротехник қызметінен бастадым.

1998-1999 жылдары «Асыл» шаруа қожалығына, 1999-2013 жылдар аралығында «Зеленстрой» ЖШС-не басшылық жасадым.

2013-2019 жылдары Қызылорда қаласындағы Тұңғыш Президент атындағы саябақтың директоры міндетін атқардым. Қазіргі таңда «Зеленстрой» ЖШС мекемесінің директорымын.

Қызылорда қалалық мәслихаттың VI шақырылымының депутаты болдым. «AMANAT» партиясының мүшесімін.

ҚР Президентінің және ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының, Қызылорда облысы әкімі мен Қызылорда қаласы әкімінің «Алғыс хаттары» және облыстың Құрмет грамотасының иегерімін. Республикалық «Жылдың үздік қоғалданушысы» номинациясын алдым.

Отбасында 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отырмын.

Қоғамда ана мен баланың орны ерекше. Балалар әдебиетінің классик жазушысы Бердібек Соқпақбаев: «Әйел затын жалпы нәзік деп атайды ғой. Бос сөз. Мықтының ең мықтысы, көбістің ең көбісі әйелдер екеніне мен кіммен де дауласуға бармын», – деген екен.



## АНА МЕН БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Елімізде қашанда ана мен бала мәселесі назардан тыс қалған емес. Дегенмен соңғы жылдары тұрмыс тауқыметін тартқан аналар қатары артып, алименттен жалтарған жауапсыз әкелер көбеюде. Соның салдарынан әкеге деген баланың теріс пікірі қалыптасып, қоғамдағы орны төмендеп кетті.

Қарап отырсақ, барлығы бір-бірімен байланысып жатқан дүние. Бір мәселеден қаншама келеңсіздік туындайды. Бүгінде ана мен бала құқығы – басты назарда. Қазіргі кезде облыста «Қамқорлық» орталығы жұмыс істейді. Онда тұрмыста зорлық-зомбылық көріп, қиын жағдайға тап болған әйелдерге түрлі көмек көрсетіледі. Олар мұнда уақытша баспаналы қамтылып, медициналық, әлеуметтік-психологиялық және құқықтық кеңес алады. Бір өкініштісі, жыл сайын бұл орталықтың көмегіне жүгінетіндер саны артып отыр.

Сондай-ақ зорлық-зомбылыққа тап болған аналардың құқығын қорғауда тынбай еңбек етіп жүрген жандар көп. Отбасы – адамның қорғаны. Ата-ананың, ағайын-туыстың, бауырларының ортасында өскен баланың болашағы зор, ертеңгі күні жарқын. Өкінішке орай, қазір жастардың бойында адамгершіліктің

жоғалуы, тәрбиенің төмендеуі отбасындағы келеңсіздікке тікелей байланысты. «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілесін» демекші, әрбір ата-ананың жүрген жолын баласы басыры анық. Мәселен, «Бір күн ұрыстың қырық күн кесірі бар» дегендей әке-шешесінің жанжалы жасөспірімнің психологиясына кері әсерін тигізеді. Үйдегі осындай жағдайлар кәмілет жасқа толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне әкеп соғуда. Сондай-ақ некеңің бұзылуы бала күнінде көрген қорқыныштың басты себебі болуы да ғажап емес.

Бүгінде күйеуінен зорлық-зомбылық көрген аналар қатары көп. Күн сайын түрлі тағдырмен бетпе-бет келеміз. Бірін татуластыруға әрекет етсек, енді біріне қылмыстық іс қозғаймыз. Біздің басты міндетіміз – ана мен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Айта кету керек, елімізде ана мен баланың құқығы барлық тұрғыда қорғалған. Сонымен қатар балалар құқығын қорғайтын және оларға заңдық, психологиялық тұрғыдан, ақпараттық тұрғыдан көмек көрсетіп, қолдау білдіретін арнайы орындар жетерлік.

Меруерт ӘБІЛХАНОВА,  
Қызылорда қалалық сотының судьясы

## №17 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Құдияров Бағлан Болатұлының сайлауалды бағдарламасы



### ӨМІРДЕРЕК

Мен, Құдияров Бағлан Болатұлы, 1978 жылы 15 тамызда Қызылорда облысы, Шиели ауданында дүниеге келдім. 1995 жылы М.В. Ломоносов атындағы №47 казак орта мектебінің 10-сыныбын бітірдім.

1998 жылы Алматы қаласындағы Алматы байланыс колледжінде «Қоғамдық телекоммуникациялық жүйелер» мамандығын тәмамдадым.

2007-2010 жылдар аралығында Алматы қаласында «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша «Қазак-Америка университетін» бітірдім.

2018-2020 жылдар аралығында Өскемен қаласы Қазақ-Америка университетінде «Менеджмент» мамандығы бойынша магистратураны тәмамдадым.

2019-2020 жылдары КИМЭП университетінде Mini MBA «Менеджмент» мамандығын оқып бітірдім.

1999-2007 жылдары «Қазактелеком» АҚ-ның Шиели телекоммуникациялық торабында электромеханик болып жұмыс жасадым.

2007-2008 жылдары «Қазактелеком» АҚ-ның Жаңа-Қорған телекоммуникациялық торабында АТС инженері болып жұмыс жасап, 2008 жылдың қазан айынан бастап аталған мекеменің Бас инженері лауазымына ауыстым.

2010-2011 жылдары «Қазактелеком» АҚ Қызылорда облыстық телекоммуникация дирекциясының I категориялы Инженері қызметін атқардым.

2011-2013 жылдары «Қазактелеком» АҚ Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясында Сату бойынша инженер лауазымында, 2013-2015 жылдары Талғар аудандық телекоммуникациялар өндірістік торабында Сату учаскесінің Басшысы лауазымында қызмет атқардым.

2015-2017 жылдары «Транстелеком» АҚ Алматы қаласындағы «АлматыТранстелеком» филиалында Техникалық директор қызметінен бастап, 2017-2019 жылдары аталған Қоғамның Өскемен қаласындағы филиалының Басқарушы директоры, 2019-2020 жылдары Қостанай қаласындағы филиалының Басқарушы директоры лауазымында қызмет атқардым.

2020 жылдың желтоқсан айынан бастап бүгінгі күнге дейін аталған Қоғамның Қызылорда қаласындағы филиалының Басқарушы директоры болып, сонымен қатар Қазақстан халқы ассамблеясы кәсіпкерлер қауымдастығының Қызылорда облысы филиалының директоры қызметін атқарамын.

Отбасымыз, қазіргі таңда 7 баланың әкесімін.

Марапаттар:

- «Үздік байланысшы» төсбелгісі;
- ҚР министрінің «Құрмет грамотасы»;
- «Транстелеком» АҚ түрлі марапаттар.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### Құрметті сайлаушылар!

Мен №17 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына «ВАУТАҚ» жасылдар партиясынан бірмандаттық жүйемен ұсынылдым.

Қызылорда қалалық мәслихат депутаты болған жағдайда:

- «Арай» аумағы «Нұр Орда» шағын ауданында ауызсу сапасы сын көтермейді. Сондықтан аталған аумақтағы жер асты ұңғымаларынан берілетін судың сапасын көтеруге;
- «Арай», «Арай-2» тұрғын ауданында аяқ сумен қамтамасыз ететін «Сыр ана» насос қондырғысынан су айдау және канал жүйесін қалпына келтіріп, аталған аумақты аяқ сумен қамтамасыз етуге;
- «Арай» шағын ауданы ішіндегі көшелер атаулары мен реттік нөмерлерін реттеуге;
- «Арай» шағын ауданындағы көлік жолдарын және жаяу жүргінші жолдарын тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей жаңарту жұмыстарын жасауға;
- Ипподром тұрғын ауданы көпқабатты үйлер аумағын және №278-мектеп аумағын аяқ сумен қамтамасыз етуге;
- Аталған аумақтан бау-бақша өнімдерін сағатын кіші базар аумағын ашуға;
- Тұрғындардың демалысына қолайлы парк, жасыл желек аумағы, балаларға арналған ойын алаңдарын, жастарға арналған заманауи скейт алаңдарын, спорт, воркаут алаңдарын салу жұмыстарын іске асыруға;
- «Арай» шағын ауданындағы автобустың жүру схемасын реттеу арқылы қоғамдық көлік мәселесін шешуге;
- Қоқыс тазалайтын мекеменің қоқыстарды алып кетудің толық қамтамасыз етуге және қоқыс жәшіктерін орнатуға;
- Гүлдәла көшесін жарықтандыруға;
- Тозығы жеткен бағаналарды ауыстыруға;
- «Арай» шағын ауданы тұрғындарын интернетпен толық қамтамасыз етуге жұмыс жасаймын.

#### Ардақты ағайын!

Біздің партиямыз қоғамның барлық негізгі күштерімен: патриотизм, гуманизм, әлеуметтік әділеттілік және Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау негізінде өзара іс-қимыл жасауға дайын.

Мен Қызылорда қаласы тұрғындарын алаңдатқан әлеуметтік мәселелердің шешім табуы және халықтың ой-пікірінің ескерілуін қамтамасыз етуге үлес қосу үшін сайлауға қатысамын. Бірлік пен ынтымақ – өзгеріс бастауы. Сіз іргесі мығым мемлекетті қалыптастыруға үлес қосып, қолдау білдіріңіз!

*Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*

## «Күләнда» би тобы үздіктер қатарында

Ұлттық құндылықтарды ұлықтау, өскелең ұрпаққа ата-баба мұрасын дәріптеудің бала тәрбиесінде маңызы зор. Бүгінде еліміз жас ұрпақтың бойына салт-дәстүрді, ұлт мұрасын сіңіруде жүйелі жұмыс істеп келеді. Соның дәлелі ретінде мектепке дейінгі білім беру мекемесінде тәлім алатын бүлдіршіндер арасында өткен «Ұлы дала ұрпағы» байқауын айтуға болады.



Аталған байқау «Атадан мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен жыл сайын өткізіледі. Облыстық филормонияда өткен Тасбөгет кентіндегі «Күләнда» бөбекжай бақшасының «Күләнда» би тобы да қатысты.

Қалаға қарасты барлық балабақша бүлдіршіндері арасында болған сайыста «Күләнда» би тобы үздік өнер көрсетіп, жүлделі II орынды иемденді. Ал би жетекшісі Сандуғаш Сапабекова үздік бишілерді дайындағаны үшін «Атадан мұра» қоғамдық қорының арнайы алғыс хатымен марапатталды.

**Сандуғаш МАРАТҚЫЗЫ,**

**«Күләнда» бөбек-жай бақшасының тәрбиешісі**

## №5 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Оразбақов Айтжан Жұмабайұлының сайлауалды бағдарламасы



### ӨМІРДЕРЕК

Мен, Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы 1961 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келдім.

1989 жылы С.М.Киров атындағы Қазак мемлекеттік университетін бітірдім.

1997 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғадым.

2021 жылдан бері университеттің қауымдастырылған профессорымын.

Алғаш еңбек жолымды 1989 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында бастадым.

1989-1991 жылдары «КСРО тарихы» кафедрасында оқытушы болдым.

1992-1995 жылдары Әл-Фараби атындағы «Ұлттық» университетінде аспирантурада оқыдым.

1995-1999 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Дүние жүзі тарихы» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқардым.

1999-2016 жылдары «Тарих және құқық», «Тарих және казак филологиясы», «Педагогикалық» мамандықтар бойынша сырттай оқу факультетінің деканы лауазымын атқардым.

2018 жылдан бүгінгі күнге дейін «Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы мен орталығының меңгерушісімін.

2020-2022 жылдары «Тарих» кафедрасының меңгерушісі болдым.

2018 жылдан бүгінге дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде кәсіподақ ұйымының төрағасымын.

Отбасылымын. Екі ұлым бар.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### Қалірімді ағайын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен осы жылдың 19 наурызында ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы өтетіні белгілі. Қоғамдағы өзекті мәселелер маған жақсы таныс. Өмірдегі қоғамдық саяси ахуалға да қанықпын. Сол себепті де қалалық мәслихат депутаттығына кандидатурамды ұсындым.

Сайлаушылар қолдап, депутаттық мандатқа ие болсам аймақ тұрғындарын толғандырып жүрген мәселелер бойынша жұмыс істеймін.

#### Құрметті сайлаушылар!

Тәуелсіз казак елінің алға қойған мақсаты айқын. Әділетті Қазақстан құруға ұмтылған еліміздің болашағын жасауға әрбір азамат үлес қосу керек. Алдағы саяси додаға Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде өз кандидатурамды ұсынуға бел будым. Мұндағы мақсат білімі мен білігімді, тәжірибемді пайдаланып, елге қызмет ету. Бұл мақсатта өзімнің сайлауалды бағдарламамда мынадай мәселелерді қамтыдым.

- Білімді жастар – ұлт болашағы. Сапалы білім мен саналы тәрбие балабақша мен мектептен басталады. Бұл мақсатта ауыл мен қала мектептерінде бірдей сапада білім алуға жағдай жасауды назарда ұстаймын. Бұл орайда алыс ауылдардағы мектептерге интернет жету, жаңа заманғы материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуі, қала мектептерімен білім алмасу секілді нақты жоспарлар енгізуді назарда ұстаймын.

- Сапалы білім беруде барлық мектептердің білім алуға қолайлы болуы маңызды. «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, бөлінген қаржының сапалы әрі уақытылы жұмсалыуы назардан тыс қалдырмаймын.

- Ғылымды дамыту. Қаланың экономикалық-әлеуметтік дамуы үшін ғылымға сүйену тәжірибесін енгізу. Бұл орайда жергілікті ғалымдардың, жоғары оқу орындарындағы ғылыми тәжірибелерді іс жүзінде қала дамуына пайдалануды жүйелі жүргізуді қолға аламын.

- Жастар мәселесін айтқанда тәрбие жайы назардан тыс қалмау керек. Жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау, бос уақытын әлеуметтік желіде отырумен өткізбеу үшін түрлі үйірмелер ашу, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыруды назарда ұстаймын.

- Жастар денсаулығы маңызды. Бұл орайда жастар денсаулығын арттыру жұмысын күшейту әрі кеңейту, жастар денсаулығын қадағалау жұмыстарына мән беремін.

- Қала тұрғындары үшін өмір сүруге жайлы қала жасау мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына ықпал етемін. Қаланың инфрақұрылымын жақсарту шаралары мүлтіксіз орындалуы тиіс. Сапалы жол, үздіксіз жарық, таза ауызсу, аяқсу, кәріз жүйелерін жаңғырту жұмыстары және көпқабатты үйлерді жаңғырту жұмыстарын сапалы орындауға ерекше мән беремін.

- Қаланы көркейту-көгалдандыру жұмысы да назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл орайда нақты жобалар жүзеге асуы тиіс. Сыр бойы өңірінің табиғатына сай келетін ағаштар мен өсімдіктерді өсіру жайын ғалымдар пікірімен санаса отырып, түрлі жобалардың жүзеге асуына ықпал етемін.

- Жұмыссыздық деңгейін азайту мақсатында қала тұрғындарының және жастардың шағын және орта кәсіпін айналысуына жағдай жасау мақсатында мемлекет қолдауын тиімді пайдалану жайын әрдайым назардан тыс қалдырмаймын.

- Қоғамдық тұрақтылық, елдің ауызбіршілігі мен татулығы бәрінен маңызды. Бұл мақсатта ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиені негізге ала отырып, татулық пен бірліктің нығайтуына атсалысамын.

#### Құрметті жерлестер!

Жоғарыда аталған барлық мәселенің шешімін өзімнің кәсіби және өмірлік тәжірибемне сүйене отырып, осы және басқа да өткір мәселелердің тиімді шешімдерін табуға атсалысамын. Елдің озық тәжірибесін зерделеу бағытында үлкен жауапкершілікті сезініп, қаламыздың өркендеуіне күш-жігерімді жұмсаймын. Мені қолдап, маған дауыс бергендеріңіз елмен бірге жұмыс істеуге дайынмын.

*Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*

## №16 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Омар Дастан Жақсыкелдіұлының сайлауалды бағдарламасы



### ӨМІРДЕРЕК

Омар Дастан Жақсыкелдіұлы 1990 жылдың сәуір айының 15 жұлдызында Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Аманөткел ауылында дүниеге келген.

1996-2007 жылдары №73 Б.Рысқалов атындағы орта мектепте білім алды.

2009 жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға түстіп, 2013 жылы «Кәсіптік білім беру» (акпараттық технология) мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алды.

2013-2019 жылдары М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде информатика пәнінің оқытушысы болып еңбек етті.

2015 - 2019 жылдары Сот сараптамалары институтының Қызылорда филиалында компьютерге қызмет көрсету инженері лауазымын атқарды.

2019 жылдан бастап М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде директордың электрондық-акпараттық істер жөніндегі орынбасары қызметінде жұмыс істеуде.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### Қадірлі сайлаушылар!

Әділетті Қазақстанды құру үшін нақты мақсат пен жүйелі жоспар керек екені белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді дамыту мақсатында реформалы істерді бастап та кетті. Соның бірі ретінде ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауын атап өтуге болады. Бұл жолғы сайлауға можариторлық жолмен қатысуға мүмкіндік жасалды. Осы мүмкіндікті пайдаланып, 19 наурызда өтетін сайлауға Қызылорда қаласындағы №16 сайлау учаскесі бойынша өз кандидатурамды ұсынып отырмын. Осы орайда өзіме бірқатар міндет қойдым:

1. Өзім білім саласында жұмыс істегендіктен балалардың сапалы білім алуына, бос уақыттарының тиімді ұйымдастырылуына мән беремін.

2. «Жайлы мектеп» жобасы бойынша салынатын білім ордаларының құрылысын бақылауға аламын.

3. Үш ауысыммен оқытын мектептер жанынан қосымша ғимарат салынуына атсалысамын.

4. Денсаулық сақтау саласы бойынша Қызылорда қаласында салынатын медициналық нысандардың құрылысын бақылауға аламын.

5. Қызылорда қаласындағы ауруханалар мен емханалардың заманауи құрал-жабдықтармен қамтылуына назар аударамын.

6. Қызылорда қаласындағы ауызсу, аяқсу, кәріз жүйесін жөндеу жұмыстарын бағдарлаймын.

7. Қызылорда қаласындағы тозығы жеткен электр бағаналарының ауыстыру процесін бақылауды қолға аламын.

8. Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты шеткері аймақтардағы көшелерінің жөндеуден өтуін қамтамасыз етуге күш саламын.

#### Құрметті жерлестер!

Сайлауалды бағдарламамда қала тұрғындарына қажетті деген мәселелерді қамтуға тырыстым. Депутаттық мандатқа қол жеткізем осы бағдарламда көтерілген мәселелер бойынша жұмыс істейтін боламын.

*Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.*

## ДАУЫС БЕР!

НАР  
ТӘУЕКЕЛ!БАРШАҒА  
БІРДЕЙ ТАЛАП  
ОРНАТАМЫЗ!АБДУЛЛА  
НАСИР

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

## ДАУЫС БЕР!

НАР  
ТӘУЕКЕЛ!БАРШАҒА  
БІРДЕЙ ТАЛАП  
ОРНАТАМЫЗ!БИМҰРАТОВ  
НҰРЛАН

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

## ДАУЫС БЕР!

НАР  
ТӘУЕКЕЛ!МЕМЛЕКЕТ  
ІРГЕСІН  
НЫҒАЙТАМЫЗ!ЫСҚАКОВА  
РАУШАН  
ЖӨДІГЕРҚЫЗЫ

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

## №15 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Байдиляева Гульсара Орынбасаровнаның сайлауалды бағдарламасы



## ӨМІРДЕРЕК

Мен, Байдиляева Гульсара Орынбасарқызы, 1976 жылы 20 қарашада Қызылорда қаласында дүниеге келдім. 1983 жылы Тасбөгет кентінде №11 орта мектебінің 1-сыныбына барып, 1993 жылы №176 орта мектебінде 11-сыныпты аяқтадым.

1996 жылы Қарағанды қаласындағы жоғары училищесі, 2001 жылы М.Шоқай университетін, 2009 жылы Болашақ университетін, кәсіптік оқыту мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2001-2002 жылдары М.Шоқай университетінде оқытушы, 2002-2004 жылдары №3 гимназияда мұғалім, 2006 жылдан бастап Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде еңбек етіп келемін.

Шәкірттеріме сапалы білім берумен қатар тәрбие беруде де ұлттық салт-дәстүрді қоса насихаттап жүрген ұлтжанды ұстаз ретінде, әрбір сабағымда оқылудың жаңа технологияларын, заманауи құралдарын пайдалана отырып үйретіп келемін. Облыстық және республика көлемінде тәжірибе алмасып, шәкірттеріммен байқауларға қатыстым. Жасаған жұмыстарым үздік деп танылып, алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталдым, «Тігінші, пішүші, модельер» атты оқулық шығып, «Фоллиант» баспасының авторы атандым. Тұрмыстамын, жолдасым және 3 ұлым бар.

Еліміздің мәртебесін көтеру әрбір ізімнің азаматтық борышымыз, сондықтан да еліміздің болашағы – білікті жастарды даярлау бағытында аянбай еңбек етіп келемін.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ел сенімін арқалау – депутат үшін үлкен жауапкершілік. Осы орайда сайлауалды бағдарламада көп көкейіндегі, қоғамдағы өзекті мәселелерді қамтығанды жөн көрдім.

- Жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасау – міндет. Жалпыға бірдей орта білім тұжырымдама-

сын нығайтуға, қаламыздың шет аймақтарында заманауи мектеп салуға ықпал етуге, «Жайлы мектеп» бағдарламасының қаламызда жоғары деңгейде орындалуын әрдайым назарда ұстаймын;

- Жастар тәрбиесі. Жас буынға сапалы білімнен бұрын саналы тәрбие берілуі қажет. Бүгінде интернетке тәуелді болған буынның тәрбиесіне ерекше назар аудару қажет. Бұл орайда ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында нақты жұмыс жүргізуге назар аударамын;

- Халық денсаулығы – бірінші байлық. Бұл туралы ата заңымызда да атап көрсетілген. Халықтың денсаулығын жақсарту үшін ең алдымен денсаулық мекемелерінің, ондағы материалдық-техникалық жағдайға, кадр тұрақтылығына көңіл бөлген жөн. Бұл мақсатта қалаға қарасты елді мекендерде медициналық пункттер салуға және дәрі-дәрмектер, медициналық жабдықтармен қамтылуына және кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін нақты шаралар жасауға ықпал етемін;

- Халықтың жұмыспен қамтылуы – көкейтесті мәселенің бірі. Әлеуметтік жағынан әлсіз және көпбалалы отбасылардың балалары мен мүмкіндігі шектеулі жастардың таңдаған мамандықтары бойынша білім алуына және бітірген соң жұмысқа орналасуына жағдай жасауға;

- Баға тұрақтылығын сақтау. Бұл орайда нақты іс-шаралар қабылдауға және азық-түлік, әсіресе нан өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға атсалысу;

- Ауылдық жерлерде жергілікті халықтың сұранысын қанағаттандыратын шағын өндірістердің ашылуына және жұмыссыздық мәселелерінің шешілуіне ықпал етемін.

- Шағын және орта кәсіп – экономиканың темірқазығы. Өңірде шағын кәсіптің дамуы үшін мемлекеттік бағдарламаларды халықтың тиімді пайдалануына, әрбір отбасының шағын кәсіппен айналысуына жағдай жасауға ықпал етімін;

- Халық жиі көтеретін мәселенің бірі – инфрақұрылым жайы екені белгілі. Өзіме қарасты округте инфрақұрылым мәселесі кезең-кезеңімен шешілуін назарда ұстаймын. Жарық, сапалы ауызу, аяқсумен қамтамасыз ету, сапалы жол салу, көшені жарықтандыру жайын күн тәртібінен түсірмей, назарда ұстаймын;

- Қауіпсіз қала – ең жақсы қала деп санаймын. Қала тұрғындары үшін, жасөспірімдер мен балалар үшін қаламыздың қауіпсіз қалаға айналуы үшін тиісті сала басшыларымен бірігіп түрлі шаралар жүргізіп, қоғамдық орындар бейнебақылау құрылғыларымен қамтамасыз етілуін, көшелердің жарықтандырылуын назарда ұстаймын;

- Қаланы, ауыл-аймақты көркейту-қоғалдандыру – әрбір тұрғынның міндетіне айналуы тиіс. Бұл мақсатта қала тұрғындарымен бірге түрлі шаралар атқаруға ұйытқы боламын.

- Халық үшін есту – басты ұстаным. Округ тұрғындарының талап-тілегін назардан тыс қалдырмай, орындалуын қадағалаймын. Халықпен тығыз қарым-қатынаста болуға күш салып, қоғамдық қабылдаулар, кездесулерді тұрақты өткізіп тұрамын.

Қай кезде де сенім қымбат. Ел сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді аямай халыққа қызмет етуге уәде беремін!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

## №5 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Омаров Дәулет Кәрібайұлының сайлауалды бағдарламасы



## ӨМІРДЕРЕК

Омаров Дәулет Кәрібайұлы 1976 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жаксы-қылыш кентінде дүниеге келген.

2001 жылы М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірді.

2017 жылы Астана қаласында Евразия Ұлттық университетінде Философия докторы ғылыми дәрежесін қорғады.

Еңбек жолын 1993 жылы Арал ауданы Аралтұз АҚ жұмысшы болып бастап, 1995-1996 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтеді;

2001-2010 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде лаборант, оқытушы аға оқытушы,

2010-2012 Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі Ақмешіт филиалының менгерушісі;

2010-2012 жылдары магистратурада оқыды; 2013-2016 Докторантура білім жетілдіру жылдары;

2017-2019 Қорқыт Ата университеті Филология, Тарих және құқық факультеті декан орынбасары;

2019-2021 Гуманитарлық-педагогикалық институты директорының орынбасары;

2021-2022 жылдары Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы;

2022 жылдан бүгінге дейін «Қоғамдық келісім» мекемесінің директор орынбасары.

Отбасылы, екі қыз, бір ұлы бар.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Ауылдық жердегі инфрақұрылымға ерекше мән беріп, жол, су, жарық мәселелері бойынша жұмыс істеу;

- Қызылорда қаласына қарасты кент және ауылдық округтерде орналасқан мектептердің заманауи жабдықтармен қамтылуына қолдау көрсету;

- Балалар мен жастардың тәрбиесіне ден қою мақсатында жастар ұйымдарымен жұмыс істеу;

- Сайлаушылардың талап-тілегіне сай оң шешімдердің қабылдануына ықпал ету;

- Тұрғындардың талап-тілегін билік өкілдеріне жеткізу;

- Көпбалалы аналарға қоғамдық көлік қызметін, дәрі-дәрмекті жеңілдікпен алу мүмкіндіктерін шешу;

- «Ұрпақтар кездесуі» студенттер мен мектеп оқушыларының бос уақытын ұйымдастырудың тиімді тұстарын әзірлеу;

- Әлеуметтік жағынан әлсіз және көпбалалы отбасылардың балалары мен мүмкіндігі шектеулі жастардың таңдаған мамандықтары бойынша білім алуына және бітірген соң жұмысқа орналасуына ықпал ету;

- Жастардың бұқаралық спортпен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына барынша мүмкіндік жасалған. Бұл бағыттағы іс-шараларды тұрақты жүргізу;


- Жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу шараларын жүзеге асыру жұмыстарының ұйымдастырылуына ықпал ету.

## Құрметті сайлаушылар!

Сайлауалды бағдарламада көрсетілген мәселелердің шешімін тауып, жаңа жобаларды жүзеге асыру мақсатында білімім мен тәжірибемді, күш-жігерімді салып еңбек етемін. Әділетті те, жаңа Қазақстан құру үшін әрбір азаматтың белсенділігі маңызды. Ендеше, сенің де сайлауға белсенділікпен қатысып, дұрыс таңдау жасауың маңызды! Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

Меншік иесі:

жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігіБас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті

жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер

мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік

басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында

басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына

хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2922 Тапсырыс №360

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқсан НҰРЛЫБАЙ